

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАДАМ

Аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы Маманбаевтың Республика күнімен құттықтауы



Биыл Қазақстан 13 жылдан кейін алғаш рет Республика күнін тойлайды. Бұл күн мереке қатарынан алынып тасталғанымен, биыл президент Қасым-Жомарт Тоқаев оны қайтадан атаулы күндердің бірі етіп бекітті. Алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. Жалпы 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Сондықтан атаулы күн сөзсіз еліміздің тәуелсіздік жылнамасында алтын әріптермен жазылды.

2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынып, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек деді.

Сөзсіз бұл еліміздің егемен атануындағы, тәуелсіздік жолындағы тарихи құжаты, тұңғыш қадамы болатын. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Сондықтан бұл күнді мемлекеттік мереке ретінде тағылымдау тәуелсіздігімізді дәріптеуге, нығайтуға айрықша ықпал етеді. Аталмыш Декларация Қазақстанның мемлекеттілік негізін қалаған алғашқы заңдық құжаты болып табылады. Декларацияда қазақ халқының тілі, салт-дәстүрі және ұлттық намысын қайта жандандыру мен дамыту ең басты міндеттердің бірі

болып қойылды. Бұл құжат Қазақстанның тәуелсіздікке ұмтылуының негізгі қадамы деуге толық негіз бар.

Құрметті жерлестер! Баршаңызды осындай айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, толайым табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін! Еліміз аман, жеріміз бүтін, заманымыз тыныш болсын!




Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igiman01@mail.ru

№41 (9490) 21 қазан 2022 ж.



БАС РЕДАКТОР БАҒАМЫ

Осыдан 32 жыл бұрын 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Әлем картасындағы жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының



Жолдау жүктеген міндеттер аясында



Жуырда ауданымызға Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын ақпараттық түсіндіру бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан құрылған мобильді топ өкілдері келіп қайтты. Аудандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында өткен көпшілікпен жүздесуді аудан әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаров жүргізіп отырды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитеті төрағасының орынбасары Ерболат Абулхатин және Әлеуметтік көмек көрсету

департаменті директорының орынбасары Ғалия Жабағина жаңа Жолдау жүктейтін бірқатар міндеттер бойынша атқарылатын жұмыстарды жан-жақты тарқатып айтып өтті. Атап

айтқанда қарапайым халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік шаралар турасында, оның ішінде отбасының цифрлы картасы, балалы отбасылардың әлеуметтік кірістерін арттыру, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқығын қорғау, зейнетақы жүйесі, жастарға жан-жақты қамқорлық, жаңа жұмыс орындарын құру, ішкі көші-қон саясаты сынды бірқатар маңызды салалар бойынша қолға алынып жатқан өзгерістерге кеңінен тоқталып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық түйткілдерін шешуде жоғарыда аталған мәселелердің маңыздылығын атап өтті. Жолдаудан туындаған міндеттер мен тапсырмалар талқыланған басқосу соңында мобильді топ өкілдері өңір халқын толғандырған сауалдарға жауап берді.

Өз тілшіміз.

Тәуелсіздіктің іретасы қаланған күн

Жомарт ИГІМАН.

Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізілді. 2009 жылы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес, 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, 25 қазан - Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынған болатын.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен 25 қазандағы Республика күні қайтарылып, ұлттық мереке статусы берілді. 29 қыркүйекте президент Қасым-Жомарт Тоқаев аталған өзгерістерге қол қойды. Енді елде Республика күні қайта тойланады. ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында палата депутаттары 25 қазан – Республика күнін мемлекеттік мерекелер қатарына қайтаратын түзетулерді қабылдады. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға 25 қазанды ұлттық мереке – Республика күні деп белгілеу, 16 желтоқсан мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні болып бекіту жоспарланған.

«25 қазан — Республика күні ұлттық мереке болып бекітіледі. Бұл тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де, осы күннен басталады. Сондықтан, бұл күннің ұлттық мереке ретінде бекітілуінің өзі мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам. Болашақта бұл мереке Тәуелсіздікті дәріптеп, нығайта түсуге септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Сенат отырысында Сенат спикері Мәулен Әшімбаев.

Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығы Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік қызметшілерімен және оның аудандық бөлімшелерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті басшысының облыс бойынша бірінші орынбасары Тимур Темірәлиев Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды және қолда бар жекелеген нәтижелерді атап өтті.

Картада халық үшін сезімтал және бюджеттің жоғалуы мүмкін салаларға тән салалар айқындалған.

Баяндамашы денсаулық сақтау саласы да ерекшелік емес, ұлт денсаулығын қамтамасыз етумен тікелей байланыста екенін атап өтті. Бұл денсаулық сақтау бағдарламаларының орындалуына сыбайлас жемқорлыққа қарсы экспресс-мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

Баяндамашы атап өткендей, зерттеу бөлігіндегі мониторинг нәтижелері бойынша нысаналы топтарды қамту медициналық зерттеулердің көптеген

ҰЛТТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН



түрлері бойынша 70% – дан, ал жекелеген түрлері бойынша - 50%-дан аспады.

Мысалы, 2022 жылы Талдықорған

қалалық емханасында тік ішектің және тоқ ішектің қатерлі ісігін ерте анықтауға арналған тексеру зерттеулерден 6380

адам өтуі тиіс еді. Алайда, мұндай зерттеу аяқталғанға дейін екі айдан аз уақыт қалғанына қарамастан - барлығы 2687 адам немесе 42%, Қаратал ауданы бойынша - 69%, Алакөл ауданы бойынша - 68% қамтылды.

Облыстың басқа аудандарында да осындай жағдай орын алуда.

Темірәлиев Тимур Сәбитұлы сондай-ақ, зерттеу аяқталғанға дейін екі айдан аз уақыт қалғанын ескере отырып, біріншіден, азаматтардың мемлекет кепілдік берген медициналық көмекті алмау қаупі бар екенін, екіншіден, ұйымдық көрсеткіштерді, әсіресе аудан орталықтары мен ауылдық округтерде "қуып жетуде" тіркеулер бойынша сыбайлас жемқорлық алғышарттары бар екенін атап өтті.

Осыған байланысты, облыстың денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, сондай-ақ "Әділет жолы" ҚБ қолдауымен зерттеу жүргізу бойынша кең ауқымды акция ұйымдастырылды.

Кездесу соңында Тимур Темірәлиев ұлттың әл-ауқаты мен денсаулығын қамтамасыз ету мемлекеттік аппарат қызметіндегі басты басымдық екенін атап өтті.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-расту арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Т.ОМАРХАНОВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

Электронды мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету - бұл еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші. қызметтердің электронды нұсқаға айналуы, онлайн қызметінің тәулік бойы қосылып тұруы қазіргі күнде қолжетімді болды. Электронды қызмет-әкімшілік кедергілерді жоя отырып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы көрсетеді.

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мемлекеттік қызметтің 2 түрін көрсетеді.

1) Эпидемиологиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

2) Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Ғимараттың 1-қабатында көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ілінген және мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлар жасалған. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет мемлекеттік және ресми тілдерде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді» көрсету қағидалары талаптарына сәйкес көрсетіледі.

А.КАРИПОВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы.

Қоғамдастық мүшелері талқысында маңызды мәселе

17 қазан күні Сарқан қаласының қоғамдастық жиналысы өтті. Басқосудың күн тәртібінде Сарқан қаласына қарасты ДЭУ және ПМК шағын аудандарын Алмалы ауылдық округінің аумақтық бөлінісіне қосу мәселесі қаралды. Қоғамдастықтың 62 мүшесі қатысқан жиын барысында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабының 10 тармағына сәйкес ұсыныс бойынша ашық дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасына Талап Рысханов, хатшылыққа Сарқыт Молдабекова сайланды.

Жиын барысында Сарқан қаласының әкімі А.Орынбеков: Қоғамдастық ұйымның мүшелерін жинауының басты себептерінің бірі жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қарастырылған Сарқан қаласына қарасты ДЭУ және ПМК шағын аудандарын Алмалы ауылдық округінің аумақтық бөлінісіне қосу жөнінде, ауыл ретінде көп жеңілдіктер жасалынатындығын айтты. Ауыл квотасы жер бөлінгенде қала сияқты 10 сотық емес 15 сотық беріледі, тағы бір қолайлы жағдайы қосалқы шаруашылық жүргізгенге 10 жылға жер беріледі. Ең бастысы Алмалы ауылына жақын орналасқан ДЭУ, ПМК тұрғындарының балалары Алмалы ауылындағы орта мектебінде оқитындығын жеткізді.

Жиналыста Сарқан қаласының тұрғындары Сәуле Жылысова, Күлшарбан Қалиева, Айсулу Сейполдина, Күляйхан Тайлыбаева, Алия Малаева көтеріліп отырған ұсыныстың орындылығын айтып, қолдайтындықтарын жеткізіп, өз пікірлерін білдірді. Жиналысқа қатысушылар күн тәртібіне енгізілген сұрақ бойынша ұсынысты бірауыздан қолдап, нәтижесінде Сарқан қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысы Сарқан қаласына қарасты ДЭУ және ПМК шағын аудандарын Алмалы ауылдық округінің аумақтық бөлінісіне қосу жөнінде Сарқан қаласының қоғамдастық мүшелері ұсынысы бойынша тәртіпке сәйкес жұмыстар жүргізілсін деген шешім қабылдады.

Коррупции нет!



Коррупция - одна из тех сфер, которые растут вместе с течением времени, уходят корнями в места, где появляются огромные средства и общественная конкуренция, которая до сих пор не ликвидирована. Это наносит огромный ущерб нашему молодому государству, как и развивающимся странам. Взятничество негативно сказывается на функционировании и подрывает авторитет государственных органов,

опровергает законные принципы, провоцирует нарушение конституционных прав и законных интересов граждан. В соответствии с Законом Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» борьбу с коррупцией должны вести все государственные органы и должностные лица, занимающие в ней должности. Руководители государственных органов, коллективов, органов местного самоуправления обязаны в пределах своих полномочий обеспечивать исполнение требований закона с привлечением кадровой, контрольной, юридической и иных служб. Развитию взяточничества способствуют как халатность некоторых государственных служащих к правонарушениям, отсутствие профессиональной этики, так и личная забота. А также тот факт, что некоторые руководители госорганов не проявляют энтузиазма и не ведут работу по исполнению требований антикоррупционного законодательства, углубляет.

Механизм предотвращения опасных заболеваний, обволакивающих окружающую здоровую, чистую и здоровую среду, сужающих жизнедеятельность, создающих угрозу деятельности общественной среды и государственных органов, организаций, индивидуальных предпринимателей, граждан незаконными действиями, у самого населения. Необходимо предотвратить это заболевание, сократить пути распространения в обществе и не допустить его увеличения. Для этого нам необходимо принять участие в данном мероприятии и выступить против него. Только тогда мы внесем большой вклад в интересы страны и выйдем из доверия народа.

ОЧС Сарканского района и ПЧ-12 г.Саркан.

30 октября - день работника социальной службы

С заботой и любовью

В нашем районе функционирует замечательная гуманная служба по выявлению лиц нуждающихся в социальной опеке и защите – это районный отдел занятости и социальных программ, руководит которым Нуржан Толеубаевна Адилова. Под особым вниманием здесь находятся пожилые люди, в основном пенсионеры, которые в силу жизненных обстоятельств на склоне лет своих остались одинокими. Конечно, в жизни всякое бывает – почти у всех у них есть дети, которые живут вдали от родителей – в других городах или даже странах. Постоянно быть с родителями, понятно, они не могут при всём желании, и эту главную нишу заполняют вниманием и заботой социальные работники. Их в районе насчитывается 21 человек, а под опекой социальной службы более 150 одиноких пожилых людей. За каждым соц.работником закреплены 7 опекаемых, для которых соц.работник стал самым близким помощником, который выполняет непосильную для пожилого человека работу – делает влажную уборку в в доме, сходит за продуктами, лекарством, оплатит коммунальные услуги, поможет написать письмо, почтает газету, поддержит морально – да мало ли дел у того, кто так предан своей работе.

Службу социальных услуг по оказанию помощи на дому курирует грамотный руководитель Кунсулу Бегалиевна Мукатаева, которая держит тесную связь с опекаемыми в своем коллективе. Она знает нужды и запросы пожилых людей, если возникает



необходимость – посещает их, знакомится с условиями жизни и быта, решит все вопросы, с которыми к ней обращаются. Для соц.работников она в меру строгий, требовательный, отзывчивый наставник. Да и в социальную службу приходят люди не случайные, а те, кто действительно любит свою работу, с пониманием относятся к нуждам пожилых людей. Эталон для коллектива соц.работников служит ветеран Афганской войны Ерболсын Токжигитов, который отдал любимой работе более 30 лет. А среди его опекаемых самая пожилая женщина, к которой от него можно сказать, сы-

новье отношение – он не только выполняет положенные по Стандарту услуг обязанности, но и может сам отвезти опекаемую в поликлинику, магазин, аптеку и т.д. знаю, что Е. Токжигитов не только хороший работник, но и заботливый муж, отец, ата для своих родных. От души хочу пожелать ему здоровья и счастья!

В преддверии профессионального праздника хотелось бы отметить социальных тружениц Кудеринову Л., за плечами которой 24 года соц.сужбы, добросовестных сестёр Ербосынову Л. и Игыбаеву Л., слова благодарности Абдильдиновой А., Саутбаевой Б., Темирбаевой Л., Дубиной О., Нурсалановой А. и другим. Счастья Вам и успехов в труде! Ваш труд очень нужен и важен! Слова благодарности вам выражает ваши опекаемые бабушки и дедушки!

Желаю Всему коллективу крепкого здоровья, семейного счастья и мирного неба над землей!

Р. ГАБАЙДУЛЛИНА,
ветеран труда, почетный житель Сарканского района, член союза Журналистов РК.

Спасибо за заботу

Поздравляю с днем социального работника, хочу от всей души поблагодарить Ербосынову Лялу за заботу, внимание ко мне. Ляля очень внимательный, заботливый человек. Всегда приходит, беседует, всегда с доброй душой, открытым сердцем, заботой. Мне нравится как она все делает, помогает по дому, ходит за хлебом, в аптеку, все выполняет о чем прошу.

Очень чистый открытый человек. Пусть ей будет счастье и пусть всегда светит солнце над нашим любимым Казахстаном.

Н. КЛЮШНИК,
пенсионерка.

Жұмысына жауапты қызметкер



Жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде әлеуметтік қызметкерлер күні аталып өтеді. Мен осы кәсіби мерекесімен маған 7 жылдан бері көмек көрсетіп, қол ұшын тигізіп жүрген әлеуметтік қызметкер Ерболсын Токжігітовты құттықтағым келеді. Оған осы бір жауапты қызметінде зор денсаулық тілеймін. Үнемі бізбен әңгімелесіп, әрбір мейраммен құттықтап тұрады. Үйімізді жинап, коммуналдық төлемдерді төлеп, дәріханаға барып қажетті дәрілерімізді алып береді. Бір сөзбен айтқанда үйдегі барлық жұмысымызды жасап береді.

Үлкен кісілерге аздап жылу мен ниет қана керек қой. Осының барлығын Ербол бізге көрсетеді. Мейрам қарсаңында оған зор денсаулық, отбасылық бақыт, бала-шағасының амандығын тілегім келеді.

Г. НЫҚЫШЕВА,
зейнеткер, III топ мүгедегі.

Желаем всех земных благ

У нас в районе есть замечательная служба по социальной опеке. Как нам старикам это необходимо в нашем возрасте, когда дети далеко, и в силу жизненных обстоятельств у нас есть добрый отзывчивый человек Кудеринова Лязат. Она нас обслуживает уже 4 года, низкий ей поклон и крепкого здоровья за её нелегкий труд. Всегда поговорит, со всеми праздниками поздравит как заботливая дочь, она знает наши все проблемы. Порядок в доме наведет, заплатит коммунальные вовремя мы ни за что не переживаем, можем её попросить хоть о чем, она ни когда нам не откажет.

Нам старикам много не надо, чуточку внимания и нам хочется жить. В преддверии праздника хотим поздравить Лязат и пожелать крепкого здоровья, семейного счастья и всех земных благ.

А также поздравление и все пожелания коллективу отделу занятости социальных программ. Здоровья всем и успехов в труде.

Пенсионеры Ольга и Василий Варга.

Честные, добрые, сердечные

Приближается праздник социального работника. Этого заслуживают наши сарканцы, люди, которые помогают одиноким и престарелым.

Прекрасно, что отдел занятости и социальных программ решает все вопросы, касающиеся пенсионеров-одиночек. А руководит этой организацией Адилова Нуржан Толеубаевна. Её главный помощник Мукатаева Кунсулу Бегалиевна. У этих женщин большой стаж работы, они знают как прекрасно налажена работа соц.работников. Огромное спасибо Адиловой Н.Т. и Мукатаевой К.Б. за их труд, уважение к старшим. Мы гордимся такими отзывчивыми и понимающими труженицами.

Приятно осознавать, что в нашем родном Саркане, живут люди разных национальностей радующие всех, кого они окружают. Любите дорогие людей, к вам когда-то за все воздастся.

От всего сердца благодарим Адилову Н.Т. и желаем здоровья, счастья, любви в семье и на работе. Пусть в их долгой жизни никогда не будет беды и горя.

От всех одиноких людей Вам низкий поклон. Говорят: «Рыба портится с головы». Так вот пример, каков начальник, таков и коллектив. Какие соц.работники в коллективе!!! Честные, добрые, сердечные. Когда они приходят в дом, улыбаются, спрашивают о здоровье, помогают, то хочется жить.

Нуржан Толеубаевна и Кунсулу Бегалиевна, социальный работник Нурсаланова А.! Живите долго и счастливо. Всего Вам хорошего, доброго.

С уважением пенсионеры Кузьмина Т.А., Дауткина Л.Е. Коржикова Г.П.

Туляремия

Туляремия — зооантропонозная инфекция, имеющая природную очаговость. Характеризуется интоксикацией, лихорадкой, поражением лимфатических узлов. Возбудитель заболевания — мелкая бактерия *Francisella tularensis*. Носители палочки туляремии — зайцы, кролики, водяные крысы, полёвки. В природных очагах периодически возникают эпизоотии. Инфекция передается человеку или непосредственно при контакте с животными (охота), или через заражённые пищевые продукты и воду, реже аспирационным путём (при обработке зерновых и фуражных продуктов, обмолоте хлеба), кровососущими членистоногими (слепень, клещ, комар).

Симптомы и течение. Инкубационный период от нескольких часов до 21 дня, в среднем 3 — 7 дней. Различают бубонную, язвенно-бубонную, конъюнктивально-бубонную, ангинозно-бубонную, абдоминальную (кишечную), бронхо-пневмоническую с бронхитическим и пневмоническим вариантом течения, генерализованную (первично-септическая) формы. Болезнь начинается остро с внезапного подъёма темпе-



ратуры до 38,5—40°C. Появляется резкая головная боль, головокружение, боли в мышцах ног, спины и поясничной области, потеря аппетита. Характерны выраженные потливости, нарушение сна в виде бессонницы или наоборот сонливости. Отмечается покраснение и отечность

лица и конъюнктивы уже в первые дни болезни. Характерный признак — увеличение различных лимфатических узлов, размеры которых могут быть от горошины до грецкого ореха. Со стороны сердечно-сосудистой системы отмечается брадикардия, гипотония. В крови лейкоцитоз с

умеренным нейтрофильным сдвигом. Печень, селезенка увеличиваются не во всех случаях. Боли в животе возможны при значительном увеличении мезентериальных лимфатических узлов. Лихорадка длится от 6 до 30 дней.

Профилактика. Предусматривает контроль за природными очагами туляремии, своевременное выявление эпизоотии среди диких животных, проведение дератизационных и дезинсекционных мероприятий. В случае заболевания людей устанавливаются источники возбудителя инфекции и обстоятельства заражения. Дальнейшие мероприятия зависят от конкретной ситуации. В частности, при водной вспышке необходимо запретить употребление некипяченой воды; при трансмиссивном заражении временно ограничивают посещение мест, где оно могло произойти и т. д. Специфическая профилактика (вакцинация) проводится живой туляремийной вакциной.

Д.ОРДАБАЕВ,
ведущий специалист
Сарканского районного УСЭК.

Алмалы ауылдық округіне қарасты Алмалы, Абай ауылының қарттарына арналған «Қариям-қазынам» атты сазды кеш өтті. Көненің көзі-ескінің сынығы... болған асыл жанды -Қарияларымыз әуезді ән, күмбірлеген күй, әдемі әңгімемен мерекелік дастархан басында қауышты. Саналы ғұмырларын ұрпақ тәрбиелеумен, өмір жолдарын еңбекпен қашаған ата-апаларымыздан ұрпағының алары көп. Жастарымызға мәнді бата берер-аталарымыз, өнегелі тәрбие берер- апаларымыз аман болсын. Мереке қарсаңында осындай үлкен іс-шара өткізуге атсалысып, демеушілік көрсеткен ауылымыздың азаматтары Мусабаяев Әлем, Иманғалиев Болат, Бекишев Ер-

СЕНДЕР АМАН БОЛЫҢДАР, ЖАҚСЫ АДАМДАР!



лан, Нұрғожанов Нурлан, Шойымбеков Ербол, Ерғалиев Қайрат, Мурзабаев Даурен, Сағындықов Дамир, Иманғазиев Ерқамбар, Шайзада Еламан, Жұмағали Егеменге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз жанып, істеріңіз өрге жүрсін. Қартын сыйлар ұрпақ барда қарттықтан қорқудың да қажеті жоқ, ана сүтімен бойына дарыған бұл қасиет, сүйекпен кетері хақ. «Балаң жақсы болса –қызығың...» деп Ғабиден Мұстафин атамыз айтқан, жақсыларымыз аман болсын. Игі істің басында, жақсы жүрер қасында деген дана халқымыз!

Б.АҚЫПБЕКОВА,
Алмалы ауылдық әкімшілік
кітапханашысы.



Аудандық мониторингтік топ талдау шараларын жүргізді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында мемлекеттік бақылауға балама ретіндегі қоғамдық бақылау институтын қолдай отырып, тиісті құқықтық негіз қалыптастыру қажеттігін айтқан еді. Бұл тұста, мемлекеттік органдар жұмысының деңгейін арттыру, мемлекеттік қызметтердің сапасын көтере отырып, бизнес пен халыққа жеңілдетілген және жедел қызмет ұсыну – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта жұмысты жандандыру мақсатында аудан әкімдігі жанынан құрылған арнайы мониторингтік топ мүшелері мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды бақылау және қолжетімділікті қамтамыз ету бойынша Қойлық ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі және М. Жұмабаев атындағы орта мектебінде талдау жұмыстарын жүргізді. Талдау барысында мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлар жасау талаптарына аса көңіл бөлінді. Топ мүшелерімен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ұсыныстар берілді.



Ж.ЖОМАРТҰЛЫ.

Қарттарым-асыл қазынам

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне байланысты Аманбөктер ауылдық округінде «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Жиынның басында сөз алған ауыл әкімі Шырынғүл Нұрханова: Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер,-деп мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Іс-шара барысында сөз алған мектеп директоры Б.Рыскелдина да ардагерлерді құттықтады. Музыка пәнінің мұғалімі Б. Мусайфтың ұйымдастыруымен оқушылардың арасында мерекелік іс-шара жалғасын тапты. Ардагерлерге гүл шоқтары мен бағалы сыйлықтар ұсынылды.

А. НҰРДӘУЛЕТОВ,

Аманбөктер ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы.

Жолдау - өрлеу өзегі

МӘСҚ - тан төленетін әлеуметтік төлемдер артады

Технологиялардың қарқынды дамуы аясында еңбек нарығында Жұмыспен қамтудың жаңа икемді түрлері пайда болды, олар пандемия кезінде ерекше өзекті болып, көптеген азаматтардың еңбек қызметін өзгертті.

Бұл ретте, «тәуелсіз қызметкерлер» деп аталатын бұл санат олардың еңбекке қабілеттілігінен айырылуына байланысты жұмысынан немесе табысынан айырылған жағдайда да әлеуметтік қорғалмаған күйінде қалып отыр, ол медициналық сақтандыру жүйесін қоса алғанда, ешқандай әлеуметтік көпіддіктермен қамтылмаған.

Осыған байланысты, мұндай қызметкерлердің жұмыспен қамтылу нысаны мен сипатына қарамастан, бірлескен жұмыс (бір жұмыс орнында жұмыс істейтін екі адам), қатар жұмыспен қамту (екі жұмыс орнында бір қызметкер), жылжымалы кесте және т. б. еңбек құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін енгізу қажеттілігі туындады.

Бұл «тәуелсіз қызметкерлердің» Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы Қорынан зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді алуға және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқығын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте Мемлекет Басшысы Жолдауда атап өткендей, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жарна төлеген азаматтар үшін жұмысынан айрылған кезде әлеуметтік төлемдер мөлшері орташа айлық табыстың 45% - ына дейін және бала күтімі бойынша төлем мерзімдері 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұлғайтылады.

Повышение социальных выплат из ГФСС

На фоне быстрого развития технологий на рынке труда появились новые гибкие формы занятости, которые стали особенно актуальными в период пандемии и изменили трудовую деятельность многих граждан.

При этом, данная категория, так называемых «независимых работников» остается социально-незащищенной, ни на случай потери работы или дохода в связи с утратой ими трудоспособности, она не охвачена никакими социальными гарантиями, включая систему медицинского страхования.

В этой связи возникла необходимость внедрения новых механизмов защиты трудовых прав таких работников, вне зависимости от формы и характера их занятости, будь то совместная работа (двое занятых на одном рабочем месте), параллельная занятость (один работник на двух рабочих местах), скользящий график и др.

Это обеспечивает право «независимых работников» на получение пенсионных выплат из Единого накопительного пенсионного фонда, социальных выплат из Государственного фонда социального страхования и на медицинскую помощь в системе обязательного социального медицинского страхования.

При этом, как сказал Глава государства в Послании, будут увеличены размеры социальных выплат при потере работы для участников социального страхования из ГФСС до 45% от среднемесячного дохода и сроки выплаты по уходу за ребенком с 1 до 1,5 лет.

Рәміздерім – ұлттық құндылығым

Ұшса қыранның қанаты талатын ұлан ғайыр кең атырапқа қоныс тіккен қазақ елінің тарихы тереңде жатыр. Сол зерделі тарихтан ойып тұрып орын алған құндылығымыздың бірі - ұлттық рәміздеріміздің орны әрқашан айрықша екені сөзсіз. Мәңсіз ,мағынасыз дүние бұл әлемде кемде -кем шығар. Иә, ұлттық рәміздеріміздің символдық ерекшелігі мен мән -мағынасына шынымен де таңдана қарайтынымыз анық. Себебі, аз ғана өрнекпен, көркемдік ерекшелікпен астары мол ұлттық құндылықтың мағынасын ашып көрсете білген. Көк аспандай түп -тұнық мөлдір түс -бейбітшілік пен тыныштықтың символы болса, сол тыныштықтың өзінің жылуын беріп жарық сәуле шашып тұрған күн - қазақ елінің биіктігін көрсетіп тұр. Оған дәлел күн астына бейнеленген қыран құс. Тудағы ою өрнек- қазақ халқының өнерін, қазақи құндылығын әрі болмысын көрсетіп тұрса ал, елтаңбамыздағы шаңырақ пен уық- татулықтың бейбітшілік пен бірлікті айқындап тұрғандай. Әрбір қазақ жастары рәміздердің құндылығын оның берер мән мағынасын танудан бастауы керек. Өйткені, онда терең тарих бар, онда кешегі күннің ерен еңбегі жатыр. «Тәуелсіздік» деп аталатын жалғыз сөздің қазақ шаңырағын тербеткеніне дейін сол қуаныштың түп -тамырында орасан күш жұмсаған кешегі алпауыт тұлғаларымыздың еңбегі жатыр. Осы тұста Ерлан Жүністің мына бір өлең жолдары еріксіз есіңе түседі екен.

... Аралап көріп, меруерт сөздер тізбегін,
Ғажайып сөздер қағанатына ендім мен,
Ендім де жалғыз бір сөзді ғана іздедім,
Жалғыз сөз – мені сүйдірген, мені сендірген!
Жарасы әлі жазылмағандарын көрдім мен,
Көрдім мен әлі кетпеген сөзді сызды мұң,
Көрдім де беріп, сертімді бұзбас бердім мен,
Сөздерді сақтап тұратын сарбаз – біз бүгін!
...Жалғыз сөз қайсы?
Жалғыз сөз – Тәуелсіздігіміз!



Бүгінгі күннің шынымен де, бар жақсылығы, бар қуанышы дәл осынау қадірлі «Тәуелсіздік» деп аталатын сөзіміздің өмірімізде орнауы. Сол тәуелсіздігімізді айқындап тұрған ұлттық рәміздеріміздің орны әрқашан айрықша. Жас ұрпаққа осы бір құндылықты жеткізу дәл бүгінгі күннің белсенді мәселесінің бірі деп айтсақ болады. Себебі, заман жаңарып, ұрпақ жаңарған сайын кешегі күннің тарихы сағымдана беретіні бар. Осы тұста ұлттық құндылықты дәріптеп отыру, ұрпақтан -ұрпаққа қадір қасиетін жеткізу бүгінгі күндегі әр ұлтым дейтін азаматтың үлкен борышы деп айтуға болады. Мұхтар Әуезовтің «Ұлт болам десең бесіңді түзе» деген өнегелі сөзін негізге алатын болсақ, елтаңбамыздың биіктен көрінуіне, көк туымыздың көк аспанда желбіреп, өңұранымыздың асқақтап шырқалып тұруына бүгінгі жас ұрпақтың ықпалы зор болмақ.

Баян ДҮЙСЕНҚОЖА,
Алмалы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ:

МЕН ӨТІРІКТЕН АУЛАҚПЫН...

Бауыржан Момышұлының өзі осы күнделігі жөнінде былай деп ескертеді:

«Ойым шолақ, сөзім шорқақ екенін мен өзім де анық сеземін. Бірақ та «Көрген көзде, естіген құлақта жазық жоқ» деген қазақтың сөзі бар. Сол себепті көрген – білгендерімді ұрпаққа өз көзқарасыммен айтып кетуді өзіме парыз санадым. Жазғандарым көп, басылғандарым аз. Оған таласып өкпелеп отырған мен жоқ.

Ұрпақ керегін өздері алады. Осы сенім менде мол. Ізденушілерге бірақ ескертпем ғана бар: Мен өтіріктен аулақпын, өтірік айтсам, имансыз кетейін... Оқырман ұрпақтардың естерінде осы сөзім қалсын деп жазып отырмын.

Менің жазғандарымның бәрі алтын да емес, күміс те емес, жазғандарымды ақтап, түсініп оқыңдар, қарақтарым. Қатемді түзеуге асықпаңдар. Мен өмір сүрген заман мен сендер өмір сүрген дәуірдің айырмасы – жер мен көктей. Заман қайталанбайды. Ұғынып, абайлап оқыңдар!»

Біз Бауыржан Момышұлының осындағы «Абайлап оқыңдар!» дегенін «Асығыс қорытынды жасамаңдар, әрбір сөзді бойларыңа сіңіріп, байыптап оқыңдар!» деп ұқтық.

Жанры күнделікке жақындайтын кітапта ұлтымыздың қайраткер ұлы көргендері мен көңілге түйгендерін баяндаған екен. Халыққа танымал қаһарман ұлдың беймәлім тәкаппар мінезін байқататын кітаптан Бауыржан Момышұлының ұлт, мемлекет, әдебиет туралы айтқан ойларын қаз-қалпында оқырманға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Ер намысы – ел намысы. «Ел намысы ердің туы болып, жақсы жігіт елін – өрге, жаман жігіт елін – көрге сүйрейді», - деп қазақ айтпақшы, жігіттердің көбі ата күшін, ана сүтін ақтап, елін өрге сүйреді. халқымның қалпына қара таңба бастырмаймын, ел намысына кір жұқтырмаймын, еркіме ен салдырмаймын деген ниет арпалыста медет те, қуат та болды.

Ар, намыс, адамгершілік, ақ ниет, адалдық алдымызда темір қазықтай жарқырап, шөлдегенде сусын, қалжырағанда қайрат, шаршағанда шабыт, ашыққанда арамсызға ақ малтадай астық, бөлімізге тірек, көңілімізге қорек, болдырғанда үйірден ұстап мінген төл атымыздай болды.

Өз заманымызға сынды, билікті өзіміз айту үшін: сын айту үшін – шын айту керек. Қысқарта айтқанда, сын айтсаң шын айт, билік айтсаң біліп айт! Білмей айтқан билік – былшыл.

Оқиғаны ой болжайды, ой ырғағын сөз жеткізеді, сөз ырғағын қалам желісі, заман, дәуір желісі етіп, ақ қағазға түсіреді. Саналы ер, сөзсіз, санасын салмақтайды, зерек зерттейді. Біреу келіп, біреулер кетеді. Жылдан жыл түлеп, өзгереді, өседі. Қысқа айтқанда, ойпаңдық жолдас болса ғана заман ырғағын ұрпаққа жеткізе айта алмақпыз. Әрине, ол әркімнің қолынан келе бермес, бірақ та талап етіп, қолын айға созу біздің заманның ақындарының міндеті. Жығылсаң, арпалыса жығыл, құласаң нардан құла.

Ұрпақ:
Суреті – сырымен,
Ақынды жырымен,
Әншіні үнімен,
Шеберлікті ісімен,
Жүйрікті шабысынан,
Сұңқарды алысынан танитын етіп дастан жазу – әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің алдындағы үлкен, қиын, қасиетті мақсат.

Қазақ тарихындағы бір үлкен асқар

«Көз алдымда бәріңсің...» Кеңес Одағының батыры, аты аңызға айналған батыр тұлға Бауыржан Момышұлының Тараз қаласынан жарық көрген кітабы осылай деп аталады. Бұл кітап «Жамбыл» журналының кітапханасы» деген сериямен жарық көрген болатын.

Бауыржан Момышұлының «Көз алдымда бәріңсің...» кітабына батырдың күнделіктері мен сыр – толғаныстары топтастырыпты.



бел – Алашорданың құрылғанынан бастап, оның құрығанына дейін. Ең үлкен саяси айтыс пен тартыс сол дәуірде болған еді. Сол дәуірдің адамдарына (қасы бар - дұшпаны бар) әділ, ғылыми билік айта жазылған еңбектері әлі жоқ.

...Мені ГУК – ке шақырды. Барсам кабинетте терісіне сыймай «Мепстопельді» сорып бір сары қасқа қой отыр екен. Мен кіріп барып өзімді мәлімдегенде орнынан тұрмады, амандаспады. Тағы да аларып отыра берді. Өзі шошқадай семіз, пысылдап темекісін сорып отырып сөйлесті. Ол менің маңдайыма қарай берген соң, мен оның төбесінен қарап отырдым. Жып – жылтыр төбесіне қарадым. Ол маған кіші қызметтерді ұсынды. Мен оған дәлелдерімді айта отырып, ұсыныстарының себебін сұрадым. Ол темекісін бір сорып, түтінін бұрқырата шығарды да, маған көзін қыса қарап сығырайып шалқая отырып былай деді:

-Сіз білесіз бе, жолдас полковник, егер де біздің армияда ұлт құрамасы болса, әрине, біз сізге дивизия берер едік. Бірақ та ондай құрамамыз жоқ. Оған сіз түсініңіз, жолдас полковник.

- Мен соғыс кезінде орыс құрамасының тоғызыншы гвардия дивизиясының командирі болып соғыстым. Ал енді бейбітшілік кезінде менің ұлт тұрпатым неге кедергі болып отыр? – дегенімде, ол жымып, күліп:

- Сіз осы күнге дейін наивный адам екенсіз, жолдас полковник, - деді.

...Академияда шығыс халқынан мен – ақ оқыдым. Бітіргеннен кейін маған шығыстың он бес одақтық республикасынан орын табылмады, тимеді. Мені Азияға жолатпады. Шығыстан менен кейін он бес – жиырма жылдың ішінде мен оқыған академияға еш адам түсе

қоймады. Ол ашулы, зарлы, рас. Біздің халық соғысқа ерлікпен қатысты, бірақ оның құны өте қымбат. Осы күні ауыл толған жесірлер мен жетімдер. Соғысқа барған жүз қазақтың жетпіс – сексені қайтқан жоқ, себебі маған айқын – әскери тәжірибе, әскери тәрбиенің дағдылану нашарлығы. Біздің Кеңес өкіметі кезінде мұғалімдер, докторлар, агрономдар, соттар, тағы басқалар шықты, ал әскери соғыс мәселесі – осы уақытқа дейін ескерусіз, еленбей келе жатқан бір бағыт. Мен соларды майданда көрдім, талдап тексердім, өксіп жыладым, зарландым, қорландым. Мен қалған өмірімді, алған тәжірибемді, білген білімімді жастарға, халқыма арнағым келіп еді.

Қызмет етіп халқымның арасына әскери ғылымды таратқым келіп еді. Барымды елге берсем деп едім. Егер де болашақта бір әйел жесір, бір бала жетім қалмауына менің еңбегім себеп болса – армансызбын деген ниет еді. Қысқасы, мені, менің ойымда, ниетімді – тупость и невежество қапасақ салып пенде етті. Теріс түсінді, мені ұқпады. Өгіз мойындық істеді. Осындағы майдалар мені сүзбелеп шетке шығара берді. Жақындарына жылы орын үшін мені аямады. Кішірейтті, қудалады. Жабылып әлі жеткені мен болдым. Ғафу етіңіз, мен кек сақтап айтып отырғаным жоқ. Әр өнер, әр білім, әр ақ ниет сал болуды тілемейді. Құл болуды тілейді. Мен тұла бойыммен халқымның құлымын. Қайда жүрсем де, елімнің қызметкерімін. Халқыма жаман атақ еш уақытта да алып бергім келмейді, алып бермеймін.

...Әркімге бір өлім хақ. (Смерть неизбежна). Мен ешкімнен әулие емеспін. Маған да бір өлім хақ. Қырық жыл қырғыннан аман қалғанның біреуімін. Ол Ұлы Отан соғысының біткеніне биыл 36 жылдан асып барады. Мен әлі тірілердің қатарындамын. Мұсылманша айтқанда: Мен Құдайға өте ризамын. Тірілердің қатарында жүріп, соғыста сол халқым, еліме, ар-намысыма сүйеніп, мен орыс, қазақ тілінде бірнеше кітаптар жаздым. Рахмет, оны партия мен үкімет бағалады. Үш орден алдым. Лауреат болдым. Нысап керек қой адамға... Бұлар маған үлкен баға. Менің қолым ашық кісімін. Александр Бектен бастап, т.б. Нұршайықовқа дейін мен аянбастан материал бердім. Олардың бірінен ақша алмадым.

...Мен кіммін?! Мен олардың қатарындағы қарапайым бір кісімін. Азаматтық арымды сақтағандардың бірімін. Шынымды айтайын, қарағым, (түсінсең), көп жылдардағы қиыншылық жағдайда менен артық кісілер аз болған жоқ. Осы күнде ойлансам, аты аталмай кеткен батырлар аз емес. Соғыстың аты – соғыс, оқ қағыста таңдап атады. Бірақ

атылғандардың аты аталмай кеткен батырлар аз емес. Соғыстың аты – соғыс, оқ қағыста таңдап қала бермейді. Бұл соғыстың қатыгез заңы. «Ерлік елеусіз қалмасын», - деген қазақта мақал болатын. 40 жыл қырғында елеусіз қалған ерліктер толып жатыр. Бұл соғыстың қатал, ойпатты заңының кесірі.

...Мені кейбіреулер ұялмай, қызармай «батыр» дейді. Шынында мені батыр емеспін. Біреуден жығылып, біреуді жығып жүргендердің бірімін. Мені жаратқан көпшілік – жауынгерлер қоғамы.

...«Өзің үлкен сапарға шығарда мен саған бар үмітімді арнадым, ұлым. Жаман атың шыққан жоқ еді. Сол жақсылығыннан танба. Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қорғасын. Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсың намысың. Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма, қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға». Әкем осылайша бар тілеуін алдыма үйіп – төгіп, бауырына басып, маңдайымнан сүйіп қоштасты.

...Обалымызға қарай бұлт жай емес, қопарыла төңкерілді. Жасым – 30 – да еді. Ел қатарында соғысқа аттандым. Партияда жоқ кезім. Әскери атағым командирлік жағынан кішкентай ғана. Мен командир батальона, командир полка, комдив болдым. Мақтаулар көп болды, оларға мен мастанған жоқпын. Сағынғандарым, сенгендерім халықтың адал ұлдары, шын жүрек пен ақ ниеттері болды. Алдыңғы шепте өзімді аяғаным жоқ. Жауынгерлермен қатар тұрған дұшпанмен жағаластым. Халық ұлдары жаумен жағаласқанда оларға мен сендім, олар маған сенді.

...Мен соғыс жылдарындағы тылды білмейді екенмін. Қайдан білейін. Мен 60 – ты аттап салып, 70 – ке аттандым. Ауру айналдырып алды. Аурудың бір жақсы жері алаңдамай ойланады екенсің. Ауруханада қасымда ақылды, нақылды ағаларым жатты. Ауру кісіге ермек керек екен. Олар айтарман болды, мен тыңдарман болдым. Мен ауырып жатып, шалдың естелік, ескеріп айтқан акакадемиясын бітірдім. Олар маған Отан соғысы жалдарындағы тыңның қаһарлы, азапты еңбектері туралы «халық лекциясын» оқып берді. Шынымды айтсам, мен бұрын мұндай көп ақиқаттар дәлелдерді білмеуші едім.

Бізді қолдаған, бізді сүйген, аяқ қолы дірілдеген, сапсаң 90 – ға жеткен ақсақалдар, «перзентім қайда?» деп жылап еңіреген қартайған кемпір, «жұбайым аман қайтса» деп тілеген тірі жесір, келіншектер, «ғашығым аман қайтсын» деп түн ұйқысын төрт бөліп еңіреп жылаған қалыңдықтар, «папам қайда, папам қайда, қашан келеді, қашан келеді?» деп жылаған сәбилер, тағысын тағы халық қайғысы, семья қайғысы шеңберсіз. Осыларды мен 60 – аттап, 70 – ке таянғанда зорға түсіндім... Соғыс қатал – соның қатал жауынгерінің біреуі екенімді қартайғанда түсіндім. Қаталдығыма халықтан кешірім сұраймын.

Қазақ даласының бұрынғы тыныс-тіршілігіне көз жүгірсек, сонау замандардан бері қазақ даласына қаншама түрлі діндер Ұлы Жібек жолымен бірге келіп-кетіп жатты. Адамдар сенімімен, миссионерлер (үндеушілер, таратушылар) арқылы түрлі діни сенімдер, діндер Қазақстан жерінде тұрақтады. Алайда ата-бабаларымыз өздеріне жақын ислам дінін қабылдап, тыныс-тіршілігімен, салт-санасымен үйлесімділік тауып сіңісіп кетті. Ол замандарда діни фанатизм ұғымы жоқ еді, себебі әр адам сенім жүйесін берік ұстанып, басқа жұртқа кедергісін тигізбейтін. Қазір 21 ғасыр әртүрлі діни адасушы топтар, деструктивті ағымдар бар. Соның нәтижесінде діни фанатизм көбейіп, терроризм мен экстремизмге алып келіп соқтыруда.

Фанаттар олар тәуелді тұлғалар. Діни фанатизм бір адамды басқа жан дінге тартумен, сенім жүйесін өзгерту есебінде пайда болады. Діни сенім қалыптастырған адам, бір адамға не болмаса, діни қандайда бір құралға тәуелді болудан басталады. Бір адам айтқанына құлақ асу, соның айтқанымен ғана жүріп-тұру. Ондай

Фанатизм - тәуелді болу, фанат болса бір нәрсеге соқыр сеніммен сенетін, жақтаушы. Бейсаналы түрде өмір сүретін фанатик топтар назары бір нәрсеге, іске, затқа, адамға т.б. ауған, соған тәуелді адам немесе адамдар тобы десек болады. Фанатизм әрбір әлеуметтік ортада бар. Діни фанатизм - қандай да бір діни сенімге, қағидаға сеніп, соған тәуелді болу. Сенім жүйесін қалыптастыра отырып, көзі басқа ештеңе көрмей, соқыр сенімге алданы.

адамдарда сыни ойлау мен өз ойының болуы төмендеп, бір нәрсеге, адамға тәуелді болып қалады. Деструктивті ағым ұстанушылары көбейген сайын, діни фанатизмде ұлғаюда. Діни фанатизм мен деструктивті ағымды не байланыстырады, діни фанатизм адам үгіттеуімен, бір нәрсеге тек соған көңіл аударуымен байланысты. Деструктивті ағым ұстанушы топтарда да орта лидері болады. Ол дегеніміз, сол адам жол нұсқаушы, түзетуші, дұрыс-бұрыс істерді шешуші тұлға. Деструктивті діни ағымдардың басты ойлары да сондай лидер-көшбасшы тағайындау арқылы, адамдар тарту, психологиялық тербелістер орнату. Лидер әр кез орта қошеметінде болуы,

адамдарға жиынды жиі өткізіп, діни әңгіме, жағдаяттар айтып, ораторлық қабілетімен адамдарды тәуелді ету. Діни сұрақтарына жауап беріп, олар үшін не дұрыс, адамды жұмаққа не жетелейтінін айтып, діни сенімін өзіне және сол ортаға байлап қояды. Басқа діни ағымдардан айырмашылығын түсіндіре отырып, басқа дін ұстанушылардың істерін мақұлдамай, арада діни төзбеушілікті орнықтырады. Осыдан кейін адамда діни фанатизм жүйесі дамиды. Олардың миларына жиі өз ұстанған ағымдары ғана жақтап, біздің ойлауымыз-істеген ісіміз дұрыс деп, өзгелерге жеккөрушілік сезімін оятатын болса, адам миы тез қабылдаушы, өзінiкi және сол діни ағым ұстанушылары ғана

дұрыс сенімде, дұрыс жолда деп есептеп, психологиялық ауытқуға ұшырайды. Осыдан барып бөлектену пайда болады, мынауың дұрыс емес, менің айтқаным жасағаным дұрыс деп, агрессивті әдеп қалыптастырады. Діни фанаттар соқыр сенімде болғандықтан, жеке тұлғаның дұрыс ойлауы мен қоғамның даму заңдылықтарымен келіспей, өз дегендерімен жүру.

Діни фанатизм мен деструктивті діни ағымдардың мақсаты дәстүрлі дінге қарсы шығып, дін атын жамылып өз идеологияларын іске асыру, қоғам тыныштығын бұзу, билікті өз қолдарына алу. Бұл кереғар пікір мен істердің барлығы діни сауаттың жоқтығы, білімнің таяздығынан. «Дінді ұстай алсаң қасиетін, ұстай алмасаң қасіретің»,- деп Мырзатай Жолдасбеков айтқандай, дін адамның сенім жүйесі, ол тек сол адамға ғана тән, әр жан өзінің сенім жүйесіне барынша сауатты мен беріп қараса алдамшы сенімге алданбай, соқыр сенім жетегінде кетпес едік.

Д.МЕЛІС,
дінтанушы.

ПЕЧИ УНОСЯТ ЖИЗНИ ЛЮДЕЙ



Нет нужды убеждать человека в том, какой непоправимый ущерб может причинить пожар. Много горя он приносит тем, кто небрежен с огнем, кто недооценивает и не задумывается о последствиях.

Наибольшее число происшествий с огнем приходится на зимний период, то есть в те месяцы, когда для обогрева жилых помещений интенсивно используются печи и электронагревательные приборы. Но не менее опасным также является весенняя пора, когда атмос-

ферная влага воздуха с резким похолоданием, превращается в сырость, что чревато для отопительных печей. Опрометчиво поступают и те домовладельцы, которые не забываются о своевременной очистке дымовых труб от скопившейся золы. А это приводит не только к пожарам, но и отравлениям угарным газом. Также имеет место и то, что некоторые домохозяйки вблизи печей сушат дрова, белье, обувь, что часто приводит к их загоранию.

РАХМАРОВ,
старший инженер ОЧС Сарканского района,
лейтенант гражданской защиты.

Шекара қызметіне шақырамыз

Шекара қызметін реформалау шеңберінде басқарудың аумақтық принципіне негізделген департамент құрылысының түбегейлі жаңа архитектурасы құрылды.

Кадрлық жұмыста шекара бөлімшелерін келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен толықтыру үдерістерін жетілдіруге аса назар аударылады.

Негізінен әскери борышын өтеп, запастағы азаматтар қатарынан оқуға түсуге үміткерлерді зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жергілікті тұрғындардың хабардар болмауына байланысты әскери қызметке өтініштер аз.

Бұл шараны жүзеге асыру Шекара қызметінің қызметін қолдауға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қарасай ауданы бойынша шекара бөліміне төрт жүзден астам мерзімді әскери қызметшілерді жұмысқа орналастыруға, оларды тұрақты еңбекақы және кепілдендірілген әлеуметтік қамсыздандыру жүзеге асырылуда:

- 2022 жылы ең төменгі жалақы шамамен 160 000 теңгені құрайды:

- толық медициналық көмек:

байланысты 33 000 теңгеден 64 000 теңгеге дейін тұрғын үй төлемдері.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қойылатын міндетті талаптар:

жасы 19-дан 28-ге дейін, міндетті әскери қызмет, денсаулығына байланысты қарсы көрсетілімдердің болмауы. Әңгімелесу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша талаптар хабарланады

Азаматтар хабарласу үшін мекенжайлар: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Спаская көшесі, 67 үй. Анықтама телефондары: 2600-155, 2600-191.

Т. АЛЬСЕЙТОВ,
Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы,
подполковник.

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының

2022 жылғы IV тоқсанда азаматтарды қабылдау

КЕСТЕСІ

Орталықтары	Бабылар жүргізілетін тұрақты пункттері	Бабылар жүргізілетін тұрақты пункттері	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Орталықтарының мекен-жайы	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұмыс сағ. 10.00-12.30	Сарқан ауданы, М.Вусатик көшесі 41	8 72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	дүйсенбі сағ. 15.00-18.00 жұмыс сағ. 10.00-12.30	Сарқан ауданы, М.Вусатик көшесі 41	8 72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	Біздер Жеміс-жидектер тұрағы	дүйсенбі сағ. 15.00-18.00 жұмыс сағ. 10.00-12.30	Сарқан ауданы, М.Вусатик көшесі 41	8 72839/ 2-24-43

Сенім телефоны: 8 72839/ 2-24-43.

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры

Е.ТУРСУНОВ

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТІ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Вирусты гепатиттер – кеңінен таралған және қауіпті жұқпалы ауру.

Вирусты гепатиттер дүниежүзі бойына кеңінен таралған. Бүгінгі таңда вирусты гепатиттің бірнеше түрі белгілі: А,В,С, D(дельта), Олар ағзаға түскенде бауырды зақымдайды. Сонымен қоса бауырдың функциясын реттеп тұратын барлық зат алмасу процесін бұзады. Улы заттарды залалсыздандыру қабілетін жоғалтып, дәрумендік теңгерімі бұзылады.

Вирусты гепатиттерді жұқтыру көздері – ауру адам немесе жұқпаны таратушы. Ең көп қауіпі жеңіл немесе ауруы жасырын формаларымен, сары аурусыз жүретін науқастарда. А және Е вирусты гепатиттер ішек жұқпалары сияқты – жуылмаған жеміс-жидектер немесе кір сумен, жуылмаған қолдан жұғады да, олар созылмалы түріне өршімейді. А және Е вирусты гепатит науқастың ағзасынан дәреті арқылы анықталады. Үлкен дәрет сұйық су түрінде шығады. Бұл вирустар кіршең адамның қолынан, басқа да тұрмыстағы заттарда, тағамдарда қалып, басқа адамға жұғады. Бұл гепатиттің түрімен көп жағдайда балалар, жасөспірімдер мен 30 жасқа дейінгі (кей жағдайда 30 жастан асқан) тұлғаларда кездеседі. Сонымен қатар мезгілдік аурулар анықталуда – жаз аяғы мен күз уақытында. В,С, D, және G, TTV вирустары адамның ағзасының ішек жолдары арқылы анықталмайды да, ауру кезінде қанға түсіп, айналады, ал гепатитпен ауыратындарда вирус өмір бойы ағзада қалады. Оларға созылмалы түрі тән.

Сол себептен В гепатитін жұқтыру көзі тек өткір формасын жұқтырған аурулар ғана емес, осы аурумен ауырғандар, сонымен қатар дені сау вирустасымалдаушыларда жұқтыруы әбден мүмкін. В гепатитін екінші рет қолданылып отырған инемен (көп жағдайда нашақорлар) жұғып, ауру адаммен сексуалды қатынасқа түскен, науқастың немесе вирустасымалдаушының жеке заттарымен (қайшы, ұстара және т.б.) қолданған кезде, тіпті анасынан баласына жұғады, егер анасы ауырса жұғады. В гепатитімен барлық жастағылар ауырады, бірақ көбі жасөспірімдер мен жас балалар. Гепатитпен ауыру алдында 1-2 жұма сары ауру алдындағы кезеңінен басталады. Оның белгілері әр түрлі: тамаққа зауқы болмай, жүрегі айнып, тәбет төмендейді, тері бөртеді. Буыны сырқырап, ыстығы көтеріліп, жетел пайда болып, мұрынынан су ағады. Несеп қарайып(қою қара шөйдің түсіндей), ал нәжіс түссізденеді (түсі ақ немесе сұр сазға айналады). Келесі кезең – сары ауру кезеңі (2-4 апта созылады): шел сарғайып, содан соң тері жамылғысы сарғаяды. Сарғаю процесі болмауы да мүмкін. Мұны вирусты гепатиттің сарғаюсыз формасы дейді. Ауру басында жеңіл болғанымен, кейін ауыру түріне ауысып, тіпті адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сонымен қоса, науқас қоршаған ортаға қауіпті. Аурудың белгілері пайда болғаннан соң тез арада дәрігерге қаралу керек.

А гепатитінің алдын алуы: -әжетханаға барғаннан кейін, тамақтың алдында қолыңызды дұрыстып жуыңыз; – ашық су қоймасынан (өзен, көл, тоғаннан) алынған қайнамаған су ішпеңіз; – ашық су қоймасында жеміс-жидектерді жумаңыз; – су қоймасын ластаныңыз; – тұрғын үй мен баршамаңызға ортақ жерлерді – көшелер, аула, пәтерлерді ластану, олардың қоқыс тастайтын жәшіктері, арнайы қоқыс тастайтын орындар, ауладағы қоқыс тастайтын жерлерді уақытылы таза болуын қадағалау. А гепатитінен ерікті ауыз суы мен азық-түліктер – ауруды төмендету кілті. Алайда гепатитті жұқтыру жолдары көп жағдайда белгісіз қалады. Өзіңізден күдіктенбеу үшін – алдын ала екпе жасауға болады. Бүгінгі күні А гепатитіне қарсы екпені ауруды жұқтырып алу қауіпі жоғары адамдарға (мысалы, ауру көп таралған мемлекеттерге саяхаттанушыларға, сонымен бірге медициналық қызметкерлер, бауырдың және қанның созылмалы түрімен ауыратындар). Екпе ең алдымен балаларға қойылуы керек, себебі көп жағдайда А гепатитін балалар жұқтырады. Екпе 94-98 % дейін ауруға төтеп бере алады.

В гепатитін жұқтырып алмау жолдары: – ауру адаммен жыныстық қатынасқа түспеңіз және есірткі заттар қолданбаңыз; – егер сіз немесе сіздің серіктесіңіз жұқтырған болса, онда мүшеқап қолданыңыз; бөтен адамның маникюрге арналған қайшысымен, ұстарамен, тарақпен, тіс щеткасымен қолданбаңыз; – егер сіз немесе балаңызға татуировка салдырғыңыз келсе, онда арнайы салондарға барыңыз. Есіңізде болсын, бір реттік шприцтар гепатиттің жұқпауына кепілдік береді. Донорлардан алынатын барлық қан ең алдымен В гепатитіне тексеріледі.

Қазіргі таңда В гепатитінен қорғану жолдары пайда болды – бұл спецификалық түрде екпе арқылы гепатиттің алдын алуы. Екпені HBsAg таратушы анадан жаңа туған балаға, сонымен қатар ауруды жұқтырып алу қауіпі жоғары топтағы адамдарға (медициналық қызметкерлерге, созылмалы қан тазарту бөлімшесіндегі науқастарға, донорлық қан алушылар, нашақорлар және т.б.) егеді. Гепатитке қарсы 3 реттік егілген (1 және 6 ай аралықпен) екпе алушыларда жаңа антиденелік пайда болуын тоқтатып, аурудан қорғайды. С гепатитін жұқтырған науқастарға А және В гепатиттеріне қарсы егілу қажет, себебі бұл аурудың ары қарай өршуін тоқтатады. Екпе емхананың екпе алу кабинеттерінде тегін қойылады. Сіздің денсаулығыңыз – сіздің қолыңызда, бұл түгелдей Сіздің сана-сезіміңізге байланысты!

Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының
бас маманы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ
ОРАЙ «ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ» ТАҚЫРЫБЫНДА
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР
ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН ЖОМАРТ ИГІМАН
АТЫНДАҒЫ КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ БАЙҚАУЫ**

Мектеп оқушылары арасындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі

Байқау 2022 жылғы желтоқсанның 8-інде аудандық Мәдениет үйінде өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның туған жер, туған ел, Қазақ елінің табиғаты, болмыс-бітімі, т.б. патриоттық тақырыптағы бір өлеңін жатқа оқиды.

Қазылар алқасы әр мектептен іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп өкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Өен туған күн, мерекенен!



Құрметті, қадірлі Райкамал Рахметқызы сізді 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен ақ ниетпен құттықтаймыз.

Білім саласында 40 жылдан астам еңбек етіп, жүздеген шәкірттеріңізге жол көрсетіп, өмірге бағыт берген ұстаздың ұстазы «Аға мұғалім» атағының иегерісіз.

Жанұяда мейірімді ана, апа, әже. Қоғамдық жұмыста он жылға жуық тәжірибеңіз бар ауданның қайраткері, өнегелі, әжелердің бірісіз.

Ауданның 5000-ға жуық ардагер ана мен әжелер атынан зор денсаулық, қажымас қайрат, ұрпағыңыздың арасында бақытты ғұмыр сүріп, маңайыңызға сәулеңіз жылылық пен мейірім шашсын.

Ізгі ниетпен: Сарқан ауданының «Ардагерлер ұйымы».

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, үлкенге бауыр, кішіге қамқоршы аға, асыл азамат Жанат Мұхамедқалиұлы Мұқашевты 70 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Қашанда кейінгілерге қамқор, жанашыр болып жүретін Жанат Мұхамедқалиұлы аузын ашса жүрегі көрінетін мейірімді жанның бірі. Аудандық ардагерлер кеңесі мерейгерге ұзақ өмір, зор денсаулық тілейді. Баладай ақ, адал көңіліне мұң түспей, балаларының қызығын молынан көруге жазсын!

Жарқын болсын келер күнің алдағы,

Қуанышқа толы болсын жан-жағың.

Мерейтойың жақсылыққа ұласып,

Ата берсін шұғылалы тандарың!

Ізгі тілекпен: аудандық ардагерлер кеңесі.



Н.Островский атындағы
мектеп-лицейінің
3 «Ә» сынып оқушыларының
шығармашылығынан

Менің Республикам!

Құтты болсын,Отаным
Республика күнімен!
Арта берсін ажарың,
Жасай берсін қазағым!

Ұ.СЕРІКҚАНҰЛЫ.

Еліме

Күн шуақты Қазақстан
Саған ғана үн қосқан.
Жүрегімнің дүрсілі,
Тегіледі жыр дастан.

А.БӨХӨН.

Туған жерім

Менің туған ауылым,
Туған жерім ,мекенім,
Өскен жерім Сарқаным,
Жарқырасын жұлдызың.

З.ҚАДЫРБЕК.

Менің Қазақстаным

Отаным,Қазақстан
Ұлан байтақ жері бар,
Пайдалы қазба кені бар.
Тәуелсіз ел-Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан.
Тәуелсіз азат елім,
Туып өскен байтақ жерім
Қазақстаным менің!

А.ТАЙЫР.

Отаным

Кең жазық Отан мекенім,
Сенде өсіп көктемдім.
Сені қорғау парызым,
Мұны біліп өтемін.

Е.ДУСЕНХАН.

Менің Отаным

Отаным менің –Қазақстан,
Ыстық қой сенің топырағың.
Орманым,көлің,бау-бағын,
Қастерлеген қазағым.

И.СЕРІКБЕК.

Отан

Отаным менің Қазақстан,
Қарызбын саған әрқашан.
Азаматтық борышты,
Өтеуге мәңгі талпынам.

А.АБЕУБАКИРОВ.

Жасай бер елім

Отаным менің Қазақстан,
Атыңнан сенің айналдым.
Бас иіп саған өтемін,
Жасай бер жаса Қазақстан!

А.ҚУАНЫШҚЫЗЫ.

Ардагерлер ардақталды

Сейсенбі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толуына орай аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев аға буын өкілдерімен кездесті. Аудандық ардагерлер кеңесінің, елді мекендердегі бастауыш ардагерлер ұйымдарының құрамы мен ауданның Құрметті азаматтары осы басқосуда аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбековтың есепті баяндамасын тындап, қоғамдық ұйымның өткені жайында жан-жақты мағлұмат алды.

Жиынға арнайы келген Жетісу облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Жетісу облысының қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерғазы Қошанбеков аудан әкімінің тізгінін алған Ғалымжан Қанатұлының қызметіне

бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Сол күні жиынға қатысушылар «Дархан» мейрамханасында жайылған аудан әкімінің дастарханынан дәм татып, Қарттар айлығына орай дайындалған мерекелік іс-шараларға куә болды.

Өз тілшіміз

ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

Орталықтағы жақсы үй сатылады, ішінде ыстық, суық су, душ, дөретхана, Аристон бар. Жазғы ас үй (екінші үй) де бар. Гараж, монша салынған. Қос уақске – 14 сотық. Суаруы өте жақсы. **Хабарласыңыздар Жамбыл көшесі №18 (полициядан 2 квартал жоғары), тел.2-13-54, ұялы. 8700 2786020.**

Продам благоустроенный дом в центре, имеется горячая, холодная вода, душевая кабина, туалет, Аристон. Летняя кухня (второй дом). Гараж, баня, все хоз.постройки. Сдвоенный участок 14 соток. Полив отличный. Обращаться ул. Жамбыла №18 (2 квартала выше полиции), тел.2-13-54, сот. 8700 2786020.

Мерседес – спринтер 18 мест. Приму заказ в любом направлении. Той, кудалык и т.далее. Обращаться тел. 2-16-50, 8707 7542204, 8702 5692494.

18 орындық Мерседес – спринтер көлігімен барлық бағыттарға тапсырыс қабылдаймын. Той, құдалық және басқалар. Хабарласыңыздар тел. 2-16-50, 8707 754 22 04, 8702 569 24 94.

ҚР ІІМ-нен 04.11.2019 жылы **Рахимбаев Уразғали Канопьяновичтің** атына берілген 045269281 нөмірлі жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**Еңбектері
ерлікпен пара пар**

19 қазан – Құтқарушылар күні. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді.

Міне, осындай мемлекеттік маңызы бар қызмет жүйесін жасау үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Осы құжат негізінде 19 қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді.

Қоғамымыздағы ең қауіпті мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші маман қызметі. Күн сайын табиғи апат салдарынан туындайтын немесе қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтамау салдарынан туындайтын өрттермен бетпе бет келіп, тілсіз жаудың «тілін табуға» тырысатын маман иелерінің қызметі шын мәнінде оңай емес. Кез келген сәтте тілсіз жау өзіңе тап беріп, немесе жалынға оранған заттың үстіңе құлап кетуі, иіс тиіп, ес жоғалтуың әбден мүмкін. Сондықтан төтенше жағдайларда ең алдымен көмекке ұмтылып, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіруге тырысатын өрт сөндіруші мамандардың еңбегі ерлікпен пара пар!

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

SAQQAN Құрылтайшысы: Директор - бас редактор ИГІМАН Жомарт Мақатұлы	Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.	Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117 Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: lgiman01@mail.ru	Таралымы: 3048 Осы шығарылымның таралымы: 3048 Газет индексі: 35202,15202 Офсеттік басылым 1 баспа табақ Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.	Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
--	--	--	---	--

Газет «Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.